

## ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДЕГІ ТЕНДЕНЦИЯЛАР: ЖЕТІЛДІРУ ЖӘНЕ ИМИТАЦИЯ

*Нуетуллаев Н.Н., Maqsut Narikbayev University (MNU), Астана*

Кез келген мемлекеттің қылмыстық заңы өзге заңдарымен салыстырғанда айтарлықтай тұрақтылығымен ерекшеленетін нормативтік актілерінің бірі саналады. Ондағы нормативтердің құрастырылуы, қоғамдық қатынастарды, құбылыстар мен оқиғаларды абстракциялау, жалпылау және құқық нормасына рәсімдеу тәртібі, оларға құқықтық баға беру принциптері мен ережелері «салмақтығымен» көзге түседі. Дегенмен, Қазақстан мысалында қылмыстық заңға жоғарыда аталған қасиеттер өзінің болмысынан біртіндеп арылып келетінін де байқаймыз.

Тәуелсіздік алғалы бері елімізде қылмыстық заң екі рет жаңарды. 2014 жылғы қылмыстық заң реформасының [1] қылмыстыққа қарсы іс-қимылдағы пайдасының қаншалықты болғаны не табыстылығы жайында ғылыми ортада да, құқық қолдану практикасында да алуан пікірлер айтылған, дегенмен, заң техникасы тұрғысынан алғанда Қылмыстық кодекстің жаңартылуының қажеттігі шамалы болғаны белгілі. Өзге елдермен салыстырғанда Қазақстан Республикасы заң шығармашылық процесті реттеуді көздеген нормативтік базасының әлдеқайда жетілгендігімен ерекшеленеді, алайда оның доктриналды негізделуі тұрғысынан, өкінішке орай, бұл жетістігімізді қуаттай алмаймыз, өйткені қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу практикасы қазіргі таңда шектен тыс формализацияланған, номенклатуралық жоспарлау арнасында жүргізілуін тоқтатар емес. Тіпті, көрші елдердің ғалымдары да өз еңбектерінде осы жағдайға баса назар аударады [2; 3]

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы Қылмыстық кодексі қабылданғалы бері күні бүгінге дейін сексен жеті рет өзгерістерге не толықтыруларға ұшыраған (ол отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы заң жобасының бүгін-ертең қабылданатынын ескермегенде), яғни орта есеппен жыл сайын еліміздің қылмыстық заңына шамамен 8-9 рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілетінін аңғартады.

Қылмыстық заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың әралуан жіктерге қарай топтастыруға болады, дегенмен, олардың мазмұнына қарай криминализациялау/декриминализациялау, пенализациялау/депенализациялау бойынша топтастырған мақсатқа лайық.

Криминализациялау немесе декриминализациялау мәселесінде отандық заңнамашы қолданыстағы қылмыстық заңға осы күнге дейін он түрлі актімен қылмыстық жауаптылықтан босатудың жаңа бір негізін (ҚР ҚК 67-1-бабы) және өзге де қылмыстық құқықтық ықпал ету шараларын мәжбүрлі төлем түрлерімен толықтырған болса (ҚР ҚК 98-1, 98-2-баптары), тоғыз түрлі актімен қылмыстық құқықтық практиканы он төрт түрлі жаңа қылмыстық құқық бұзушылық құрамдарымен толықтырған (кесте 1).

Кесте 1. Криминализацияланған құрамдар

№	Қылмыстық кодекс бабы	енгізу уақыты
1	380-1	03.07.2017
2	188-1	27.12.2019
3	345-1	27.12.2019
4	380-2	27.12.2019
5	388-1	25.05.2020
6	412-1	06.10.2020
7	269-1	02.07.2021
8	295-1	02.07.2021
9	370-1	11.07.2022

10	370-2	11.07.2022
11	452-1	11.07.2022
12	217-1	12.07.2023
13	218-1	12.07.2023
14	235-1	12.07.2023

Сонымен бірге, алдағы уақытта тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қатысты қоғамда дау туғызған оқиғалардың жиілеп кетуі салдарынан ұрып-соғу және денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру құрамдарының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекстен қылмыстық заңға «қайта оралатынын» ескеру керек.

Қылмыстық кодекс қолданысқа енгізілгелі бері тоғыз қылмыстық құқық бұзушылық құрамы декриминализацияланғаны да бар (кесте 2).

#### Кесте 1. Декриминализацияланған құрамдар

№	Қылмыстық кодекс бабы	енгізу уақыты
1	108	03.07.2017
2	109	03.07.2017
3	215	03.07.2017
4	393	21.01.2019
5	240	27.12.2019
6	130	26.06.2020
7	235	12.07.2023
8	373	12.07.2023
9	374	12.07.2023

Декриминализация және криминализация мәселелерімен қатар отандық заңнамашы осы уақыт аралығында жаза мәселесіне қатысты да бірсыпыра іс-шараларды атқарғанын ескеру керек (ҚК Ерекше бөлігі баптарындағы санкциялардың минимум-максимум көрсеткіштерін өзгерту). Қылмыстық кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңның барлығы дерлік осы міндетті атқарып келген.

Криминализацияланған қоғамға қауіпті әрекеттердің әрбірінің қылмыстық заңнамаға енгізілуінің қажеттігіне қатысты жеке-жеке сын айтуға болады, дегенмен, басым бөлігінде олар дербес құрам ретінде рәсімделмеген күйінде де отандық құқық қолдану практикасында қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылып келгенін де атап өту керек. Мысалы, ҚР ҚК 188-1-бабына рәсімделген мал ұрлау құрамы.

Жалпы, бұл құрамның енгізілу үлгісін ерекше сынға алуға болады. Жымқыру түрлері оның затының азаматтық айналымнан алынған-алынбаған не шектелген-шектелмегеніне қарай топтастырылғаны белгілі. Қолданыстағы қылмыстық заңда жымқыру затының ерекшелігіне қарай ҚР ҚК 6-тарауындағы жымқыру нысандарынан бөлек есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды жымқыру (ҚР ҚК 298-бабы), қару, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар мен жарылыс құрылғыларын жымқыру (ҚР ҚК 291-бабын), рабиоактивті заттарды жымқыру (ҚР ҚК 284-бабы) жеке ажыратылған. Сонымен бірге, заңнамашы ҚР ҚК 6-тарауынан басқа тарауларында дәстүрлі түрде қылмыстың бір үлгідегі затына қатысты жымқырудың барлық белгілі нысандарын «шоғырландырады», яғни қаруды заңсыз алып қою және (немесе) айналдырудың ұрлық, тонау, ысырап ету, талан-таражға салу, алаяқтық, қарақшылық сияқты барлық нысаны ҚР ҚК 291-бабының конструкциясына салынған. Дәл осындай техника (зани конструкция) ҚР ҚК 289, 284-баптарында да қолданылған. Сәйкесінше, заңнамашы осы тектес конструкцияда қоғамға қауіпті әрекеттердің қоғамдық қауіптілік дәрежесін де пара-пар анықтауға тырысқан.

Алайда төрт түлік малды жымқырудың дербес заты ретінде жеке құрамға рәсімдеуге қатысты заңнамашының шешімі [4], ойлауымызша, заң техникасы тұрғысынан да, қоғамға қауіпті әрекетті сипаты мен дәрежесіне қарай дұрыс құқықтық бағалау жағынан да сын көтермейді. Ең алдымен, ҚР ҚК 188-1-бабында жымқырудың бір ғана нысаны криминализацияланған – жасырын жымқыру. Бұл іс жүзінде кінәлінің әрекеттерінің артық саралану қатерінің орын алатынын ескермейді, мысалы, ұры малмен қатар азаматтық айналымнан алынбаған басқа да затты ұрлауының нәтижесі ҚР ҚК 188 және 188-1-баптарының жиынтығын береді. Сонымен бірге, ҚР ҚК 188-1-бабының бөліктері бойынша қоғамдық қауіптілік дәрежесін анықтау «қарапайым» ұрлық құрамдарымен салыстырғанда әрекетті айрықша жоғары қауіптілік деңгейде анықтағандығын көрсетеді, яғни бұл баптың конструкциясына шектен тыс жазалау қатері салынған. Мысалы, ҚР ҚК 188-1-бабы 3-бөлігінің санкциясы ҚР ҚК 191-бабы 3-бөлігінің (тонау) санкциясымен бірдей (бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айыру).

Сонымен қатар, ҚР ҚК 235-1, 295-1 сияқты нормаларда валюта құндылықтарының айналымына қатысты талаптардың бұзылуымен және бағалы металдар мен асыл тастардың заңсыз айналымына қатысты іс-әрекеттердің криминализациялануы (қайта криминализациялануы!) алдыңғы қылмыстық заңда олардың қоғамдық қауіптілік сипаты мен дәрежесіне қате баға берілгенін куәландырады. Дәл осындай жағдай алдағы уақытта жалған кәсіпкерлік құрамына да қатысты болуы ықтимал.

Сонымен бірге, аты шулы болған тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесінде де заңнамашының позициясында біркелкілік байқалмайтынын атап өту керек. Тұрмыстағы зорлық мәселесінде қоғам назарын тек ұрып-соғу не денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруге тіреп қойған бұл құбылыстардың әлі де болса ғылыми тұрғыда да жеткілікті зерттелмегенін, құқық қолданушылардың да өз қызметіне бейқамдық танытатынын білдіреді. Ойлауымызша, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 73-1 және 73-2-баптарындағы құқық бұзушылықтарды қылмыстық заң аясына «кезекті» қайтаруы кезінде бұл құрамдардың төңірегінде орын алған және олардың әкімшілік құқық бұзушылықтарға аударылуына себеп болған мән-жайларға қайта кезігіп, жұртшылықтың қайта қызу талқылау тақырыбына айналады (бұл істердің тергелуіне қатысты, сотта қаралуына қатысты шығындардың (издержки) «пайдасынан зияны» көп болатындығы). Дұрысы, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнаманың репрессивтілігін арттыру жағын ойластырғаны, өйткені «айнымалылардың орнын ауыстыру» сол бір нәтиже беретін болса, норманы кодекстен кодекске ауыстыру құбылыстың арту-кемуіне кері септігін тигізуі мүмкін. Тұрмыстық қатынастардағы оққылықтарды қылмыстық құқықтық арнаға толығымен ауыстыру қоғамдағы онсыз да шиеленісіп тұрған отбасылық құндылықтарды «ірітіп» жіберуі мүмкін.

Қылмыстық заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың қатарында заңнамашының «жарнама» саласын криминализациялауға ерекше «құлшынысының» байқаланытынын атап өту керек. Мұнда ҚР ҚК 217-1 және 299-1-баптары меңзеліп отыр. Бұл құрамдар бойынша кінәлі әрекеттерінің предикатты қылмыстық құқық бұзушылықтарға сыбайластығы ішінара қамтылып, қылмыстық құқық бұзушылық құрамының толықтығы бұзылатындығын пайымдауға болады. Мұндай жағдай да, алдында атап өткеніміз сияқты, артық саралауға жол беру қатерін туғызады. Мысалы, қаржылық (инвестициялық) пирамида құруға қатысушылардың бірі өзге көмектесушілік әрекеттерімен қатар (физикалық көмектесушілік) пирамиданы жарнамалау міндеттерін де атқаратын болса, бірінші көмектесуші болатын, бірінде тура орындаушы болатын екі дербес құрам бойынша құқықтық бағасын алуға тиіс болады. ҚР ҚК 299-1-бабы бойынша да астарында осы тектес мәселе жатқанын ескеру керек.

Бұл аталған тенденциялардан тыс әлдеқашан қылмыстық құқық бұзушылық ретінде танылған құрамдарға жаңа мазмұн беру немесе бұрынғы құрамды жеке-даралау арқылы күрделендіруді де атап өту керек. Мысалы, ҚР ҚК 146-бабындағы азаптаулар құрамын сепарациялау [5].

Заңнамашының қылмыстың заң баптарындағы санкция бойынша өзгерістер мен толықтыру бастамасына да қатысты бірсыпыра сын айтуға болады. Пенализация тұрғысынан байқалатын екі тенденцияны атап өтуге болады:

1) қылмыстық құқық бұзушылық түрін (қылмыстық теріс қылықтан қылмысқа) және қылмыс санатын ауыстыру (иерархиясына қарай);

2) санкциядағы жаза түрлерінің минимумы мен максимумдарын өзгерту, басым бөлігінде жазаны қатаңдату бағытында.

Қоғамның шыны бар, жалғаны бар, «сұраныстарын» қанағаттандыру мақсатында әралуан бастамалар бойынша заңнамашы қылмыстық заңдағы санкцияларды ұдайы қатаңдату бағытында өзгертуі аз емес. Мұндай бастамалардың салдарынан қазіргі таңда ҚК Ерекше бөлігінің санкцияларында отандық заңнама практикасы үшін айтарлықтай «экзотика» көрінетін «...он жеті жылға дейінгі...», «...он сегіз жылға дейінгі...» сынды шектер жиі кездеседі.

Қылмыстық заңнама нормаларының санкциясында жаза түрлерінің төменгі және жоғарғы шектерін қатаңдату бағытында өзгерістердің жиі болғанына қарай заңнамашы әу бастан-ақ қоғамдық қауіпті әрекеттердің қоғамдық қауіптілігінің дәрежесін анықтауға белгілі бір ұстанымының болмағанын немесе бұл мәселеге бұрынғы заңнама және құқық қолдану практикасын сол күйінде қабылдап, айтарлықтай «бейқамдық» танытқанын немесе ҚК Ерекше бөліміндегі санкциялардың анықталуына ревизия жасауға жеткілікті назар аудармағанын куәландырады.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 маусымдағы Қылмыстық кодексі (қолданыстағы редакциясында) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>

2. Чухвичев Д.В. Законодательная техника. Учебное пособие для студентов вузов, обучающихся по направлению «Юриспруденция». – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2015. – 415 с.

3. Леоненко Н.Т. Законодательная техника. Учебное пособие. – Новосибирск, 2015. – 276 с.

4. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшеуту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000292#z237>

5. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы адам құқықтары, жазаны орындау, сондай-ақ азаптау мен басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе қадір-қасиетті қорлайтын қарым-қатынас түрлерінің алдын алу мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 17 наурыздағы Заңы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2300000212#z41>

#### ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ӨНДІРІСІНДЕГІ ШЕШІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ТАБИҒАТЫ

*Абзалбекова М.Т., з.ғ.м., Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті.*

Қылмыстық іс бойынша іс жүргізу белгілі бір іс жүргізу әрекеттерін жасаумен және олардың нәтижелері бойынша нақты шешімдер қабылдаумен байланысты. Заң шығарушы іс жүргізу шешімін сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы қабылдаған шешім ретінде анықтайды. Бұл ретте, қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде заңдылық қағидатына арналған ҚР ҚПК 8-бабында, соттың ұйғарымдары ерекше атап көрсетіледі.